

**«Жаңа білімге заманауи көзқарас» атты 15.01.2024 – 25.01.2024 ж.
аралығында өтетін бастауыш сыныптар және мектепалды даярлық
тобы бойынша апталық өтті.**

Апталық аясында мектеп мұғалімдеріне арналған воркшоп ұйымдастырылып өткізілді. «Білім берудегі жаңаша әдіс-тәсілдер» тақырыбында А.Толеу, "Инклюзивті білім беруде тиімді әдіс-тәсілдер" бастауыш сынып мұғалімі А.А.Минуарова мұғалімдерге арнап воркшоп өткізді. Қатысушыларға мұғалімдердің тәжірибердегі жұмыстарын ұсынды, пәнаралық байланысты пайдалана отырып, оқушылардың сауаттылық дағдыларын дамытуға баса назар аударатындықтары байқалды... Стандартты емес мәселелерді шешу, жағдайларды жасау, логикалық тапсырмалар және тағы басқалар мұғалімге осы мақсатты жүзеге асыруда жүйелі түрде әрекет етуге мүмкіндік берді. Пән мұғалімдері өз идеяларын шебер көрсетіп бөлісе алды.

16.01 күні 4 сыныптардың арасында Ы.Алтынсарин «Жаман жолдас» әңгімесі тақырыбында «бестік диктант» жазылды. Мақсаты: білім алушылардың ауызекі сөйлеуі мен жазбаша тілін дамыту, ойын жүйелі айтып, дұрыс сауатты жаза білуге үйрету. Оқушылар диктант жазудың жаңа тәсілін меңгеріп, бестік диктанттың бес модельі бойынша берілген тапсырмаларды сауатты түрде орындай білді. Жақсы жазған оқушылар марапатталды. Олар: Болат Айлин, Саят Әлинұр, Бақытбек Ерсұлтан, Махметова Ажар.

17.01.2024 күні «Мен әкеммен мақтанамын» танымдық ток-шоуы 1 сыныптар арасында өтті. Мақсаты: Бала мен әке арасындағы тығыз, әрі ыстық байланысты орнықтыру. Отбасындағы әке орнын, рөлін көрсете отырып, халықтық тәрбие негіздеріне тоқталу, әкені пір тұтуға, ер азамат ұғымының мәнін ұғынуға тәрбиелеу. Әр шаңырақта әкенің орны ерекше. Әке – отбасының асыраушысы, отбасы мүшелерінің тірегі; қамқоршысы. Әкенің мінез - құлқы, өзгелермен қарым – қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Әр оқушы өз әкесімен мақтануға әрине толық мүмкіндігі бар.

17-қаңтар 2024 жылы “XXI ғасыр-сауатты ұрпақ ғасыры!” оқу сауаттылығы апталығы аясында “Жаңылтпаштан жаңылма!” тақырыбында 3-сыныптар арасында танымдық сайысы өткізілді.

Мақсаты: жаңылтпаштар туралы түсініктерін қалыптастыру, сөздік қорларын кеңейту. Сөз сиқырлығын жаңылтпаштарды мысалдар ретінде келтіре отырып көңілге ұялату, танымын кеңейту.

Танымдық сайыс барысында 3-сынып оқушыларын топқа бөліп, олардың қанша жаңылтпаш білетінін жарыс ұйымдастыру арқылы анықтап, көп жаңылтпаш айтқан оқушыларға мадақтама берілді.

18-қаңтар «XXI ғасыр - сауатты ұрпақ ғасыры!» тақырыбында «Ұстаздарға арналған әдістемелік күн» атты тақырыпта «Бастауыш сынып пен орта буын

арасындағы оқу сауаттылығы дамытудағы сабақтастық» атты коучинг өткізілді. Мақсаты: екі буын арасындағы ортақ міндеттер, баланы жүйелі сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өтуге бағыттау.

19.01 "Ғылым және технология " жаратылыстану-ғылыми сауаттылық апталығы аясында 3 сыныптар арасында "Салауатты өмір салты" тақырыбында саяхат ойыны өткізілді. Мақсаты: оқушыларға жеке бас гигиенасын сақтау ережелерін үйрету.

19.01 «Қар кесегі» атты 4 сынып арасында ойын өтті. Мақсаты: Жүйелі сұрақ қоюға баулу, ойын арқылы сұраққа жауап беру, қызығушылықтарын арттыру. Алған білімдерін жетілдіре отырып, тіл байлықтарын, өз ойларын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білу дағдыларын дамыту.

20.01.2024ж. күні 2-сыныптар арасында, «Мейірім құндылығы» құқықтық жалпы білім беру бағдарламасы бойынша,

«Дос болайық бәріміз» атты сынып сағаты өтті.

Мақсаты:

Оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым – қатынасын нығайту. Оқушыларды өзіншілдіктен, менмендіктен тағы басқа жаман әдеттерден аулақ жүруге үйрету, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу. Оқушылардың адамгершілік қасиетін, бір-біріне деген достық сезімдерін нығайту.

Міндеттері:

- Балаларды достарымен жағымды қарым-қатынасжасауға үйрету;
- Өзара сыйластық, өзара түсіністік, өзара көмекқарым – қатынастарын дамыту;
- Татулыққа, достыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелеу.

23 қаңтар күні "Математика біздің айналамызда" тақырыбында 1-сыныптар арасында «Фигуралар әлемі» атты математикалық сайыс өтті. Оқушылар өздерін әр қырынан көрсете білді. Математикаға деген тапқыр ойларын шындап, ойын арқылы қызығушылықтарын арттыра отырып, әр тапсырмада жылдам, шапшаң, тез ойлауға белсенділік көрсетті.


21.01.24 жылы мектебімізде мектепалды даярлық топтарының «Математикалық сауаттылық әлемі» тақырыбына арналды.


Мектепалды даярлық топтарының сынып жетекшілері апта бойы өткізілген іс-шараларды қортындылау мақсатында оқушылармен қызықты ойындар ұйымдастырды.

П.Алғадаева ұйымдастырған «Математика саласы» атты топтық ойында оқушылар топқа бөлініп өздеріне берілген логикалық есептерді шығарды. Денешынықтыру сабағында «Қозғалыстағы математика» ойынын ойнап, балалар арасында әр-түрлі жарыстар өткізілді.

А.Жамбосынова оқушылардың шығармашылық ісәрекеттерін анықтау мақсатында «Баланың өміріндегі конструктор» ойынын ұйымдастырып, оқушылар конструкторлар арқылы әр түрлі заттардың бейнесін құрастыра отырып, логикалық ойлау қаблеттері дамыды. Апталықтың жұмысы барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артып, логикалық

есептерді қызығушылықпен шығара бастады. Осы апталық аясында өткен іс-шараларға белсене қатысқан оқушыларды ерекше атап өтіп, балаларды тәрбиелік іс-шараларға белсене қатысуға шақырды.






«Жаңылтпаш айтқан жалықпас»



Бабақта қолданылатын жаңа әдіс тәсілдер



Әрбір ұстаздың...
Сіз әлі де...
Құрметті бауырларым!



«Бастауыш сынып пен орта буыи арасындағы оқу сауаттылығы демеуіндегі сабақтастыққа» тақырыбында жолын!

